

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Қобда ауданының білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің «Шұғыла «бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік
коммуналдық қазыналық кәсіпорыны.**

№ 44 БҰЙРЫҚ

«Шұғыла «бөбекжай-бақшасы» МКҚК

«12» маусым 2023 жыл

«Шұғыла «бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының өзін-өзі бағалау өткізу бойынша комиссия құру туралы»

ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 3 тамыздағы № 634 бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулық-тың 3-тарауы, 52-тармағына сәйкес білім беру ұйымдары өзін-өзі бағалау материалдарын міндетті түрде өздерінің интернет-ресурстарында орналастыратындығы жазылған, осыны басшылыққа ала отырып

БҰЙЫРАМЫН :

1. «Шұғыла «бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының өзін-өзі бағалауы 2023 жылы 12 маусым – 20 маусым айының аралығында өткізіліп, бөбекжай сайытына салынсын.

2. «Шұғыла «бөбекжай-бақшасы» МКҚК 2023 жылдың 12 маусым -20 маусым айының аралығында өзін-өзі бағалауды өткізу комиссиясының құрамы бекітілсін :

Комиссия төрағайымы : Тулешова Г.Д.-директор;

Комиссия төрағайымының орынбасары : Карасаева З.Б.- әдіскер;

Комиссия мүшесі : Тынымгереева Ш.Д.- кәсіподақ ұйымының төрағайымы;

Комиссия мүшесі : Бондаренко Г.Н.-тәрбиеші ;

Комиссия мүшесі : Фурсенко Л.В. –медбике.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме жүктелсін .

«Шұғыла «бөбекжай-бақшасы» МКҚК директоры :  Тулешова Г.Д.

Бұйрықпен таныстым :  Карасаева З.Б.
 Тынымгереева Ш.Д.
 Бондаренко Г.Н.
 Фурсенко Л.В.



**«Ақтөбе облысының білім басқармасы
Қобда ауданының білім бөлімі» мемлекеттік
мекемесінің «Шұғыла «бөбекжай-бақшасы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорының өзін-өзі бағалау
қорытындысы**

Мазмұны:

1. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер
2. Кадрлар әлеуетін талдау
3. Тәрбиеленушілер контингенті
4. Оқу-әдістемелік жұмыс
5. Оқу-материалдық активтер
6. Ақпараттық ресурстар және кітапханалық қор
7. Тәрбиеленушілердің білімін бағалау
8. 2022-2023оқу жылындағы жетістіктер.
9. Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары
10. Шешімдер мен ұсыныстар

Қосымша 1

Қосымша 2

Қобда ауданы, Қобда ауылы

20 маусым 2023жыл

Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер:

1) Мекеменің атауы: «Ақтөбе облысының білім басқармасы Қобда ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Шұғыла «бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны .

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Қобда ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Шұғыла «бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының өзін-өзі бағалауы 2023 жылы 12 маусым – 20 маусым айларының аралығында өтті.

Бөбекжай территориясының жалпы аумағы-5188га.;

Бөбекжай ғимаратының аумағы - 1158кв.м.

Бөбекжай-бақшаға бейімделмеген құрылыс нысаны.

Ғимарат 1988 жылы салынған.

Ғимарат түрі - 2 қабатты.

Аталған ғимаратқа бөбекжай 2012жылдың қыркүйек айында көшірілді.

МКҚК «Шұғыла бөбекжай-бақшасының өз алдына газбен жылыту қазандығы бар.

Жоба қуаттылығы – 130 орын.

Оқыту тілі – қазақша; орысша

Пайдалануға берілген жылы: 2011 жылы «12» қыркүйек айында Қобда аудандық әкімдігінің шешімімен құрылды. Сыйымдылығы 130 орын.

2)Білім беру ұйымының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы,031000, Ақтөбе облысы,Қобда ауданы,Қобда ауылы, Астана көшесі , 54 ғимарат.

3)Заңды тұлғаның байланыс деректері: 871 341 21-2-39,электронды поштасы gulnar.zhakupova@bk.ru

4)Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері: Тулешова Гульнур Даулеткалиевна,2021жылы 05 қаңтар №15-ж бұйрықпен қайта тағайындалған.

5)Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары: Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы «Азаматтарға арналған үкімет»мемлекеттік

корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ақтөбе облысы бойынша филиалының Қобда аудандық тіркеу және жер кадастры бөлімі 12.01.2021 жылы берілген, Құрылтайшылар (қатысушылар): «Ақтөбе облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі. БСН-010140002318, алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 24.01.2001 жыл.

6) Рұқсат беру құжаттары: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы 2021 жылғы 27 қаңтардағы № KZ85RVK 00029415 хабарлама берілген.

Бөбекжай-бақша аптасына 5 күндік жұмыс жасайды. Бөбекжай-бақшаның жұмыс уақыты: дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма күндері - сағат: 8.00-ден 18.30-ге дейін. Демалыс күндері: сенбі, жексенбі.

«Шұғыла» бөбекжай-бақшасында оқу-тәрбие үрдісі мемлекеттік білім беру стандарты мен нормативті-басқару құжаттарына негізделіп іске асырылады. Білім беру ұйымының білім беру салаларының және ұйымдастырылған іс-әрекеттің МЖМБС талаптарына сәйкес.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымының аттестациядан өткен жылы - 2022 жылдың мамыр айы.

Балалар үшін музыка залы, медициналық кабинет, әдістемелік кабинет, психолог кабинеті, барлық топтар заман талабына сай, балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып жабдықталған. Сондай-ақ асхана, кір жуатын, кір үтіктейтін бөлмелері, дәретхана мен жуынатын бөлмелері, ыдыс жуатын бөлмелері қызмет көрсетеді. Мектепке дейінгі ұйымда экологиялық микро-климат құру үшін көгалдандырылып, гүлді алаңқайлар, бұталар отырғызылған. Балабақшаның медициналық бөлмесі керекті жабдықтармен қамтамасыз етілген. Қызмет көрсету сапасы жоғары дәрежеде. Балабақшада тазалық-гигиеналық тәртіп сақтау жолы өте жақсы жолға қойылған. Күн тәртібі және балалардың тамақтану барысы үнемі сақталған. Жұқпалы аурулардан сақтану, болдырмау шаралары және сауықтыру-шынықтыру жұмысы жоспарлы жүргізілуде. Емдік жұмыстары медбикенің нұсқауымен жүргізіледі. Балалармен оксалин майын мұрынға жағу, нәрлеу мен жеміс-жидек шырындарын беру үнемі жүргізіліп тұрады. Бөбекжайда дәмбике тағам құнарлығын баланың жасына сай болуын бақылауда ұстайды. Жыл бойы «С» витамині тағамға қосылып беріледі. Бөбекжай-бақшаның медбикесі шынығу жұмыстары бойынша бақылау жүргізіп отырады. Бөбекжай –бақша қызметкерлерін үнемі, уақытылы медициналық тексеруден өтуін қадағалайды. Ата-аналарға да дәмбике мен медбике жыл бойы өз жұмыс жоспарларына сәйкес пайдалы кеңестер беріп тұрады.

2. Кадрлар әлеуетін талдау

Сапалы білім мен тәрбие беру мектепке дейінгі мекеме жұмыстарының тиімділігі және даму көрсеткіштері. Оны жүзеге асыру үшін ең алдымен педагог мамандарының қызметі, дамуы. Сондықтан да, педагогикалық менеджмент негізінде құрылған басқару қызметінің басты бағыттарының бірі ретінде педагогтардың мәртебесін көтеру, олардың кәсіби шығармашылық деңгейлерін арттыруға деген мотивация тудыру, өзін-өзі жетілдіруге ынталандыру болып табылады. Басқару қызметінде педагогикалық менеджмент негізде-

месінде педагогтардың мәртебесін көтеру ғана емес, мақсаты тұрақталып ынтымақтастықпен жасалынып, жететін жетістіктерге бағытталған. Ұйымдастыру түрлерін жетілдіріп, бірлесе технологиялық шаралар мен ережелерді сақтай отырып, барлық педагогтарға қолайлы жағдайлармен қамтамасыз ету. Білім беру үрдісінің өнімділігін барынша арттырып, жаңа көзқарастардың тууына арналған жүйелі жұмыстардың арқасында бөбекжай-бақшаның ұжымында сапалық өзгерістерге қол жеткізілді.

Тәрбие мен оқыту процесі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкес жүргізіледі. Білім беру салаларында, оқу қызметінде көлемінің тепе-теңдігі сақталған. Бала күзіреттілігін қалыптастыру білім беру іс-әрекетінің бағыты болып табылады. Мектепке дейінгі ұйым педагогтарының бірлескен іс-әрекеті балалардың дербестік даму кеңістігін, шығармашылығының басталуын қалыптастырады. Мектепке дейінгі ұйым педагогтарының ұжымды ынталандыру жүйесінде жеке өзіндік дамуы және дербестік шығармашылық әрекетіне бағытталған. Мұның өзі жаңа даму жүйесіндегі жеке тұлғаның дамуы және педагогикалық қызметінің жоғары сапалық көрсеткішін көрсетеді. Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері мен педагог мамандар өзінің шеберлігін үнемі арттырып отырады. Әлсіз тұстарын жетілдіру үшін, озық көшінен қалмауды басты назарда ұстайды. Семинарлар, тренингтер, педагогикалық кеңестер, әдістемелік бас қосулар өткізіледі.

Облыстық білім беру жүйесі мамандарының біліктілігін көтеру және қайта даярлау институтында жоспарланған кестесіне сай курстық дайындықтардан өтеді. Бүгінгі педагог - кәсіби ізденуші, зерттеуші, өз бетінше шығармашыл, әдістемелік теориялық ойлау қабілеті жоғары, ерекше ынта-ықылас, серпінмен, қызығушылықпен, құлшыныспен, ұжыммен бірлескен әрекеттер құра алатын маман. Осыған орай педагог мамандар өз білімін жетілдіру мақсатында облыстық білім беру жүйесі мамандарының біліктілігін көтеру және қайта даярлау институтының ұйымдастырылған курстарынан өтуге арналған кестесі құрылған. Сонымен қатар, өз бетімен білімін көтеру бағыты бойынша белсенді түрде жұмыс жүргізіледі. Алдыңғы қатарлы озық педагогикалық іс – тәжірибесін арттыруға жағдай жасалынған.

Мектепке дейінгі ұйымда штаттық кестеге байланысты қызметкерлер саны – 37, оның ішінде педагогтар саны – 17, әкімшілік және техникалық персонал – 20 адам. Балабақша қажетті мамандармен қамтылған. Қызметкерлерді жұмысқа қабылдарда төмендегідей құжаттарды талап етіледі.

Қызметкерлердің құжаттары:

1. Еңбек келісім шарты;
2. Еңбек кітапшасы;
3. Жеке тұлға қағазы;
4. Диплом көшірмесі (нотариалды куәландырылған);
5. Жеке куәлік көшірмесі;
6. Санитарлық кітапшасы;

7. Сотталмағаны туралы анықтама.
8. Дәрігерлік-әлеуметтік саулық наркологиялық орталықтан анықтама
9. Психикалық сауықтыру орталығынан анықтама
10. Зейнетақымен қамсызданумен келісім шарт (көшірме)

Төменде педагогикалық ұжымның сапалық құрамындағы өзгерістер көрсеткішін келтіріп отырмыз.

2022-2023 оқу жылында бөбекжай-бақшада барлығы 17 педагог жұмыс жасады,оның:1-директор;1-әдіскер;1-психолог;1-ән жетекші;13 тәрбиеші. Педагогтардың сапалық құрамы 11- жоғары білімді.6 -арнаулы орта.Оның ішінде «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу» мамандығы бойынша **жоғары білімі** барлары:-9; арнаулы орта білімі барлары:-4тәрбиеші Сонымен бірге:2-педагог сырттай жоғарғы оқу орнында оқып «Мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелеу»мамандығы бойынша алдағы маусым айында диплом алады. (бұрыннан «бастауыш класс мұғалімі» мамандығы бойынша дипломы бар тәрбиешілер: Бондаренко Г.Н.; Курмамбаева А.А.)Санаты бойынша **3 педагог-жоғары санатты; 3 педагог-I санатты, 3-II санатты, 5-педагог санатсыз. 2022жылдың қаңтарынан бастап педагог-зерттеуші:-1тәрбиеші** Тынымгереева Ш.Д.;Педагог-сарапшы-**2 тәрбиеші** олар: Сопаква А.Қ.; Дуйсембина Г.М. Аттестациялау бойынша ақпан айында **төрт тәрбиеші** (мерзімінен бұрын екінші санаттағы екі тәрбиеші; санаты жоқ екі тәрбиеші) сарапшы-педагогқа портфолио жинақтаудан өтіп, кейінен сәуір айында тестілеуден өтті. **1-тәрбиеші** 36 жыл еңбек өтілімімен(денсаулығына байланысты) педагог-модераторға өтті, сонымен қатар бөбекжай директоры педагог-зерттеушіге электронды портфолиодан өтіп, тестілеуден өтуге дайындалуда. (Қосымша 1;2-де толық көрсетілген.)

3. Тәрбиеленушілер контингенті

Қазіргі таңда бөбекжай-бақшада 7топ - жұмыс жасайды. Барлығы бюджеттік есептегі топ.Тізім бойынша (мамыр айына дейін -130 бала болды) - 147 бала тәрбиеленуде. Әр топ балалардың жас ерекшелігіне сәйкес топтастырылған. Барлығы жеті (ерте,кіші) топ. Бөбекжайға 1-3 жас аралығындағы балалар қабылданады. Оның :2-уі ерте жас ,1-2 жастағылар (оның 1-уі орыс ерте жас тобы, 1-уі қазақ ерте жас тобы);5-уі кіші 2-3 жастағы топтар(оның : 4-уі қазақ; 1-уі орыс кіші топ) Күн тәртібі бойынша балалар 3 мезгіл тамақтандырылады. Бір күндік тамақтану төлемі - 450 теңге .Бөбекжай-бақша тәрбиеленушілерінің ішінде аталған әлеуметтік көмек алатын оның ішінде : Әлеуметтік тұрмыс жағдайлары төмен, көп балалы отбасының балалары да қабылданып, жергілікті бюджеттен 70% төленіп, өз қаражаттарынан 30 %; жеңілдікті иеленуде.Тәрбиеленушілер мемлекеттік, орыс тілдерінде тәрбиеленуде. Тәрбиеленушілердің бөбекжайға тіркелуі мен шығарылуы Оқу –ағарту министрліктің базасы мен қосымша бағдарламаларға электронды түрде уақытылы енгізіліп тұрады.

4. Оқу –әдістемелік жұмыс.

2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу–білім беру процесін ұйымдастыру ҚР оқу –ағарту министрлігінің әдістемелік нұсқау хатына; Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен

оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде (2016 ж. 12 тамыз №499) қыркүйек айының перспективалық жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде (2022 ж 14 қазан №422) қазан айынан бастап, оқу жылының мамыр айына дейінгі құрылған перспективалық жоспарына; Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) (бұдан әрі - Стандарт) талаптарына, сонымен қатар 2021 жылғы 15 наурызда Қазақстан Республикасы Үкіметінің №137 қаулысымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделіне де сүйене отырып жүзеге асырылуда.

Бөбекжайдың 2022-2023 оқу жылындағы алынған мақсаты :

Әр баланың қызығушылығы мен жас ерекшеліктерін ескере отырып, ұлттық құндылықтар негізінде толыққанды дамыту.

Міндеттемелері:

- Заттық- кеңістіктік дамытушы, қауіпсіз орта құру;
- Балалардың дене дамуын және психологиялық денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету;
- Балаларды дамыту және тәрбиелеу үшін отбасымен тығыз қарым-қатынас орнату.

Ақпан ,сәуір айлары аралығында әдіскер кіші топ тәрбиешілерімен, ата-аналармен біріге отырып «Монтесории жобасын» жүргізіп, «өте жақсы» деңгейде қорғап шықты.Тәрбиеші: Сарбасова А.А. «Мектепке дейінгі балалардың сөздік қорын дамыту» атты әдістемелік құралын дайындап, қорғады. Бөбекжайымызда 19 сәуірде аудандық "Қарым-қатынасты түзетуді қажет ететін балалармен жұмыс кезінде психологиялық сүйемелдеуді ұйымдастыру"тақырыбындағы мектепке дейінгі ұйымдардың психологтарына арналған семинар-практикумы ұйымдастырылып өткізіліп ,сонымен қатар 15 маусымда облыстық «Өрлеу» курсының жетекшісі Рахатова Г.Ж. ұйымдастыруымен «Арт-терапия техникаларын қолдану арқылы балалардың таным қабілеттерін дамыту » тақырыбында семинар-практикум өткізіліп, өздерінің іс-тәжірибелерін ортаға салып көрсеткен 8 тәрбиешімізге Алғыс хат беріліп, семинар- практикум «өте жоғары» деңгейде деп бағаланды.

Бөбекжайда жылына бес рет жоспарлы түрде педагогикалық кеңес отырысы,әдістемелік кеңес, шығармашылық топтың; сонымен бірге «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес»; әдеп кеңесінің жұмысы жоспарға сәйкес жүргізіліп хаттамалары толтырылады. «Мемлекеттік қызмет көрсету»бойынша баланы бөбекжайға қабылдау,тіркеу, бөбекжайдан шығару және Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы№ 533бұйрығымен бекітілген «Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарына сүйеніп электронды түрде қызмет көрсетіледі. Осы оқу жылында жаңадан қызметке орналасқан жас мамандар

жоқ, дегенмен жоғарғы және арнаулы оқу орындарынан «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту» мамандығы бойынша білім алып жатқан студент жастар іс- тәжірибеден өтуге жолдамамен келуі себепті оларға тәжірибелі тәлімгер тәрбиешілер бекітіліп, әдіскер тарапынан да әдістемелік көмек көрсетіліп отырады.

5.Оқу-материалдық активтер

Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі ұлттық даму стратегиясымен үздіксіз байланысты екендігі және мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып табылатындығын ескере отырып,бөбекжай-бақшаның материалдық -техникалық қоры жаңа заманауи талаптарға сай.

Топ бөлмелері балалардың жас ерекшелігіне сай ескеріліп, жабдықталған, дамытушы орталарға бөлінген, жаңа дизайнмен безендірілген. Балабақша мұздатқыштарымен, технологиялық құрал-жабдықтармен, жиһаздармен және төсек әбзелдері, орамалдармен түгелдей жабдықталған. Балалардың көңіл-күйінің қалыпты жағдайда болуына арналған психолог бөлмесі бар. Музыка ұйымдастырылған іс-әрекетін сапалы жүргізуге музыка бөлмесі толығымен жабдықталған. Баланың даму жағдайларына қойылатын жалпы талаптарға сай келеді. Барлық алаңдарда көлеңке түсіретін бастырма, ойын жабдықтары және құммен ойнайтын орындар орналастырылған. Сонымен қатар бөбекжай ауласы көгалдандырылған, яғни гүлдер мен гүлзарлар, ағаштар отырғызылған.

Ас бөлмелері арнайы технологиялық құралдармен жабдықталған.Бөлме ішінде ауа алмасу құрылғысы жұмыс істейді. Арнайы жеке ет,көкөніс,тағам саласына қарай тоңазытқыштар, қамыр, бакалея бөлімдері арнаулы белгімен белгіленген. Тағам дайындайтын электр плиталары жүйелі түрде жұмыс істейді. Шикі тағам өнімдерін қабылдағанда оларды өлшейтін арнайы электронды таразы бар. Мұнда барлығы бірінші өлшеніп, одан ары қарай қоймаға өтеді. Шкафтар мен тоңазытқыштар жеткілікті, қоймада стеллаждар қойылған. Барлық азық-түліктерге сәйкестік куәлігі бар. Азық-түлік әкелетін кәсіпкерлермен келісім шарт жасалынған. Күніне балалар 3 рет тамақтанады. Екінші тамаққа дәрумендер қосылады.

Кір жуатын бөлмеде 2 автомат машинасы ,2 жартылай автоматты машинасы орналасқан, Асхана(ас дайындайтын электр пештері,1тоңазытқыш , қажетті жиһаз бен ыдыс-аяқтары бар),ас қоймасы (2тоңазытқыш пен 1 мұздатқыш тағамдар қоятын сөрелері) бар . Кір жуатын бөлмеде сөрелер орналасқан, сонымен бірге соңғы үлгідегі кір жуғыш автомат және жартылай автоматты машиналар, үтіктері бар.Музыка залы спорт залымен бірге.Дене шынықтыру алаңы секіруге, жүгіруге,еңбектеуге және тепе-теңдік сақтауға арналған жаңа құралдармен жабдықталып, толықтырылды.

Мамандар бөлмесімен қоса, 7топ бөлмесі мен ұйықтайтын бөлмелер бар.Тәрбиеленушілердің жас ерекшелігіне сай жиһаздар жабдықталған, сонымен қатар қажетті құрал-жабдықтармен, ойыншықтармен қамтамасыз етілген. Ғимаратта бейне бақылау орнатылған. ИнтернетWi-fi желісі, музыка залында іс- шараларды өткізуге электронды тақта бар.Спорт залы мен музыка залы бір бөлмеде орналасқан. Барлығы 7 топтың дара жатын

бөлмесі жоқ . Оның төртеуінде жатын бөлмесі бөлек, үшеуінде ойын бөлмесінің ішінде ұйықтайтын ағаш керуеттер, біреуінде 3 қатар ысырылмалы керуеттер ; біреуінде 2 қатар ысырмалы керуеттер орналасқан .

6.Ақпараттық ресурстар мен кітапханалық қор

Ақпараттық мәдениет – бұл, ең бастысы адамның интеллектуалды белсенділігі болғандықтан, жаңа ақпаратқа үнемі қажеттілік, оны өңдеу және өз бетінше түрлі мақсатта қолдану талап етіледі.Бөбекжайда 3 компьютер, оның 3 интернет желісіне қосылған,1 интербелсенді тақта, 1 теледидар, 1 түрлі түсті принтер, 2 принтер, 1 пианино, 1 музыкалық орталық, бейне таспалар бар. Сонымен қатар педагогикалық үрдіс заманауи жабдықтармен және көрнекі құралдармен жабдықталған. Педагогтарды керекті әдістемелік құралдармен, нұсқау-лармен, әдебиетпен және мерзімді баспалармен толық қамтамасыз етіп отырады. Мақалалардың журналдарда басылуы, бөбекжай педагогтары жұмысы, тәжірибесі-ұжымдық қызметтің ашықтығының бір көрінісі.

Бөбекжайда электрондық почта (gulnar.zhakupova@bk.ru), интернет желісінде өз сайты (shugyla –khobda.edu.kz) және инстаграмм парақшасы (shugyla 248) бар.

Бөбекжай ерте , кіші жасқа арналған әдістемелік кітаптармен, анықта-малық баспасөз басылым-дарымен, иллюстрациялық материалдармен, бала-лардың жасына сай көркем әдебиетімен қамтамасыз етілген.

Дегенменде заттық-дамытушылық ортаны жабдықтау міндеті басты міндеттердің бірі болып қала береді. Бөбекжай топтарындағы заттық-дамытушылық орта жеткілікті дамытушылық ойындармен, көптеген дидактикалық материалдармен және үлестірме материалдармен жабдықталған. Сюжеттік-рөлдік ойындарды өткізуге арналған ойын бұрыштары жасалды, әр топта балалардың өзіндік іс-әрекеті үшін бейнелеу іс-әрекеті, театрландырылған іс-шаралар, музыкалық және дене шынықтыру бұрыштары бар. Мұның бәрі педагогикалық міндеттерді сәтті шешуге мүмкіндік береді және балалардың физикалық, эстетикалық және экологиялық тәрбиесіне барлық жағдай жасайды.

7. Тәрбиеленушілердің білімін бағалау

Тәрбиелеу-білім беру процесінде: мектеп жасына дейінгі балаларды (1-3 жас аралығындағы) тәрбиелеу мен оқыту үшін жайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасалды, баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған дамытушы заттық-кеңістіктік орта, оның ішінде арнайы орта құрылды, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру, мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз ету, балалардың физикалық дамуы, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру, баланың зияткерлік, әлеуметтік дағдыларын және тұлғасын дамыту үшін инновациялық әдістер мен технологияларды қолданылды. Оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерінің бірлігін қамтамасыз ете отырып балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық

құндылықтарға, отаншылдыққа, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулуда, балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру мақсатында, баланың физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығы үшін алғашқы мүмкіндіктері берілді. Балаларға адами тәрбие беретін, ұлттық құндылықтарымызды дәріптейтін «Рухани жаңғыру» бағдарламасына жоспар құрылып, бекітіліп, жоспарға сай жұмыстар жүргізілді.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру бойынша Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» мақаласындағы бастамаларын қолдай отырып, оның идеяларын іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары жазылып, бекітіліп топтар арасындағы әжелерден «Әжелер сайысы»; «Әке-отбасының тірегі» өткізіліп, сонымен бірге бөбекжайда патриоттық тәрбиеге де ерекше көңіл бөлінеді. Оқу жылының ақпан айында аудандық мұражайға; сәуір, мамыр айларында айында аудан орталығындағы «Мәңгілік Ел», «Отан – АНА» саябақтарына бөбектеріміз саяхатқа шығып, балалардың жас ерекшеліктеріне сай «Рухани адамгершілік құндылықтары» туралы әңгімелесу жүргізілді.

Педагогтарға арналған психолог жұмысымен қатар педкеңестер мен әдістемелік отырыстарда кеңестер мен баяндамалар өткізілді: «Ұйқыашар жаттығудың бала өміріндегі орны» тәрбиеші: Кусмагамбетова; Психолог: «Баланың бөбекжай жағдайына бейімделуі»-кеңес; Баяндама: «Баланың шығармашылық дағдысын дамыту» тәрбиеші Сарбасова; «Баланың танымдық қабілетін дамытудың әдіс-тәсілдері» тәрбиеші Назарова; «Ойын технологиясы арқылы балалардың ойлау қабілеттерін дамыту» тәрбиеші: Чанчарова. Аудан орталығындағы «Нұрлы болашақ» балабақшасымен; «Нұр» санаторий типтік балабақшасымен сабақтастық ретінде тығыз байланыстамыз, сонымен қатар «Өнер» мектебінің оқушылары ұлттық аспаптарымен концерт қойып, оқушылар үйінің ертегілер үйірмесі «Ертегілер еліне саяхат» тақырыбында бірнеше шағын ертегілер дайындап тәрбиеленушілерімізге қызықтырып көрсетеді.

Жылдық жоспарға байланысты мемлекеттік рәміздер күніне, «Алтын күз», «Қазақстан Республикасы күні», «Кел жаңа жыл!», «Алғыс айту күні»; «Ана – өмір шырағы!», «Ұлыстың ұлы күні», «Қазақстан халықтарының бірлігі күні» ертеңгіліктері, дене шынықтыру ойын-сауықтары және денсаулық күндері өткізіліп тұрады. Осы іс-шараларға байланысты көрмелер, байқаулар жиі өткізіліп, осы жұмыстардың барлығына балалар, педагогтар, ата-аналар белсенді қатысады. Жыл бойы ата-аналар мектепке дейінгі ұйымдарда болып жатқан мерекелерге, ойын-сауықтарға, жарыстарға өз ықыластарымен қол ұшын созады.

Балаларды балабақшаға дайындау сапасы.

Білім беру және ғылым саласына елеулі өзгерістер енгізіп жатқан қазіргі кезеңде мектепке дейінгі ұйымдардың ісін жаңа сапалық деңгейге көтеру міндеті бүгінгі күннің көкейкесті мәселесі. Осы өзгерістер білім саласының

алғашқы сатысы болып саналатын мектепке дейінгі ұйымдарда болашақ ұрпақтың дүниетанымын дамытуға, жеке тұлға ретінде қалыптастыруға, ерте жастан бастап толық жағдай жасауды, мәдени-гигиеналық дағдыларды және өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыруды, тәрбиелеумен білім беруге аса жауапты қарауды басты міндет етіп қойып отыр. Бөбекжаймен балабақша арасындағы сабақтастықтың негіздемесі: балалардың білуге деген құмарлығын дамыту; коммуникативтік дағдыларды дамытуда балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы жүзеге асырылады. Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету, күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету, серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық пен ықылас танытуға баулу жұмыстары бірізділікті сақтай отырып жүргізіледі.

Тәрбиешілер мен медбике біріге отырып, шынықтыру шараларын өткізу кезінде балалардың денсаулық жағдайын ескеріп, жеке тәсілді жүзеге асырады.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту бойынша қоршаған әлеммен өзара әрекет ету үшін қажетті танымдық іс-әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгеруге жағдай жасау болып табылады. Балаларды заттарды өзіне тән қасиеттері бойынша зерттеу; заттардың қасиеттері бойынша ұғымдарды қалыптастыру; сенсорлық қабілеттерін қалыптастыру; көру-есту түйсігін, қабылдау, есте сақтау, көрнекі-әрекеттік ойлау, қиял, зейінді дамыту; түрлі балалар әрекеттерінде көз бен қол үйлесімділігін, қолдардың ұсақ моторикасын дамыту міндеттері орындалады. Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру арқылы, ал музыка аптасына 1 рет, дене шынықтыру аптасына 3 рет ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы да жүзеге асырылады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған мазмұнына сай:

- Жаңартылған бағдарлама бойынша құрастырылған перспективалық жоспар;
- Апталық циклограмма;
- Мектепке дейінгі ұйымдағы білім беру процесінің тиімділігі, сондай-ақ баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін диагностика негізінде Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізіледі (бастапқы қыркүйек айында, аралық-қаңтарда және қорытынды-мамыр айында). Сонымен қоса топ бойынша әр баланың жеке даму картасы электронды түрде толтырылады.

Балалардың санасында салауатты өмір салты жайлы түсінікті қалыптастыра отырып, балабақша қызметкерлерімен ата-аналары арасындатығыз байланыс орнатылған. Балалардың тамақтануына үлкен көңіл бөлінеді. Күнделікті тамаққа көкөністер, сүтті, балық тағамдары, тәтті тоқаштар, ірімшік, сапалы балғын жемістер, шырындар мен сусындар беріледі. Бөбекжайбақшада бала-

лар денсаулығын жақсарту шаралары үшін төмендегі әр түрлі кешенді іс-шаралар жүргізіледі:

Йодтық тапшылықтың алдын-алу шаралары үнемі және жүйелі түрде жүргізіліп келеді;

Тұмаудың алдын-алу шаралары: оксолиндік жақпа майы, лимон сусыны, пияз, сарымсақ алқасы.

Балалар денсаулығын жақсарту бойынша медициналық алдын-алу кеңесінің жүйелі жұмысы бала денсаулығының күшеюіне ықпал жасайды, әсіресе жиі ауыратын балалар тобымен жүргізілген жұмыс нәтижесін айта кету керек.

Бөбекжай-бақшадағы тәрбиеленушілердің жас топтарын өсіру бойынша да бағытталған жұмыстар жүргізілуде.

Бөбекжайда тәрбиеленушілердің жас топтарын өсіру бойынша талапқа сай ерте жас тобында 1-2 жастағы бөбектер тәрбиеленуде; кіші жас тобында 2 жас пен 3 жас арасындағы бөбектер тәрбиеленуде. «Шұғыла «бөбекжай-бақшасы МКҚК-да осы оқу жылында 7 топ жұмыс жасады. Оның : 2- уі ерте жас тобы; 5- уі кіші жас тобы.

8. 2022-2023 оқу жылындағы жетістіктер :

Педагогтардың жетістіктері :

Тәрбиешілер :

Чанчарова Б.Б.; Назарова; Сопаква -Алғыс хат "BILIMGER.KZ" республикалық білім порталында, білім беру саласындағы заманауи технологияларды пайдалану арқылы тәжірбие алмасу.

Кусмагамбетова У.Р.; Бондаренко; Алкешеева -Диплом «Менің бақытты отбасым!» атты қашықтықтан өткізген Халықаралық байқау. (сурет)

Алғыс хат «Bilim Qazaqstan» Республикалық байқау «Менің отбасым» республикалық сурет салу байқауы.

Бондаренко ; Андрущенко, Әкімгерейқызы В. Диплом I – дәрежелі; «Жаңа жылдық ертегі» атты қашықтықтан өткізілген Халықаралық байқау .

Бондаренко ; Дуйсембина ; Тынымгереева , Дариябаева -Диплом I –дәрежелі; «Алтын күз» атты қашықтықтан өткізілген Халықаралық байқау.

Алғыс хат "BILIMGER.KZ" республикалық білім порталында, білім беру саласындағы заманауи технологияларды пайдалану арқылы тәжірбие алмасу.

«Менің отбасым» атты Республикалық сурет салу байқауында шәкірт дайындағаны үшін алғыс хатпен марапатталды.

Тәрбиешілер : Сарбасова А.А.; Дариябаева ; Сопаква А.К. - Алғыс хат «Ұлы дала ұстазы» Халық ғылыми-педагогикалық журналының дамуына елеулі үлес қосқан үшін ;

Диплом -«Үздік тәрбиеші-2022» республикалық байқауына қатысып «Үздік тәрбиеші» номинациясын алған үшін;

I дәрежелі Диплом «Рухани жаңғыру» Ақпараттық-сараптамалық орталығы «Ұлы дала ұстазы» INTERNATIONAL SCIENTIFIC-EDUCATION JOURNAL «Ұлы дала ұстазы» Халық ғылыми-педагогикалық журналы ұйымдастырған «Үздік автор-2022» атты республикалық ғылыми-практикалық республи-

калық жобасының «Үздік мақала» номинациясы бойынша I орын алғандығы үшін;

Құрмет грамотасы-«Нұрсұлтан» әдістемелік және білім беру орталығынан- Білім беру саласындағы шығармашылық еңбегі мен жеткіншек ұрпақты оқытумен тәрбиелеудегі табыстары үшін;

Алғыс хат -Білім беру саласындағы шығармашылық еңбегі үшін.

Тәрбиеленушілердің жетістіктері:

«Қарлығаш»; «Айгөлек» кіші тобынан :

Тәрбиеленушінің аты-жөні	Марапаты	Орталығы	Мазмұны
Жетығарина Аянұр	Диплом	«Bilim Qazagstan» Алматы,2022	«Менің отбасым» Суретбайқауы II орын
Қуанышқали Зейін; Жұмабай Ыбырай	Диплом	«Bilim Qazagstan» Алматы,2022	«Менің отбасым» Сурет байқауы I орын
Еркін Аруназ; Буранкулова Дильназ Даниярқызы; Қуандық Ақбаян.	Диплом	«Bilim Qazagstan» Алматы,2022	«Менің отбасым» Сурет байқауы I орын
Төрежан Аңсар	Диплом	«Bilim Qazagstan» Алматы,2022	«Менің отбасым» Сурет байқауы II орын
Еркін Аруназ	Диплом I дәрежелі	«Нұрсұлтан» әдістемелік және білім беру орталығы Астана,2023	«Көңілді қыс» атты республикалық байқауға «Сурет және марблс тастары» аталымы бойынша қатысқан үшін
Сарсенғали Рамиля	Диплом I дәрежелі	«Нұрсұлтан» әдістемелік және білім беру орталығы Астана,2023	«Көңілді қыс» атты республикалық байқауға «Сурет және марблс тастары» аталымы бойынша қатысқан үшін
Ниязов Ислам; Арон Жандарбек	Диплом I дәрежелі	«Bilim Qazagstan» Алматы,2022	<i>«Менің сүйікті техникам» көркем сурет байқауы</i>
Құмарбай Думан	Диплом I дәрежелі	«Bilim Qazagstan» Алматы,2022	«Менің балабақшам»

			байқауы
«Жұлдыз» ерте жас тобынан :			
Мұхтар Медина	Диплом	«Bilim Qazagstan» Алматы,2022	«Менің отбасым» Сурет байқауы I орын
Нұрбекұлы Омар	Диплом	«Bilim Qazagstan» Алматы,2022	«Менің отбасым» Сурет байқауы I орын
«Құлыншақ»; «Балапан» ; «Пчелка» кіші тобынан:			
Баланың аты – жөні	Жетістіктері		Жылы
Сәрсен Ханшайым	Диплом I орын «Bilim Qazaqstan» Республикалық байқау «Менің отбасым» республикалық сурет салу байқауы.		2022 ж
Мұхтар Нұрислам	Диплом II орын «Bilim Qazaqstan» Республикалық байқау «Менің отбасым» республикалық сурет салу байқауы.		2022 ж
Алибекова Нұрай	Диплом I дәрежелі «Менің бақытты отбасым!» атты қашықтықтан өткізген Халықаралық байқау. «Фотосурет» номинациясы		03.10.2022ж
Еншібай Хамза	Диплом I дәрежелі «Менің бақытты отбасым!» атты қашықтықтан өткізген Халықаралық байқау. «Фотосурет» номинациясы		03.10.2022ж
Ихсан Рамазан	Диплом I дәрежелі «Менің бақытты отбасым!» атты қашықтықтан өткізген Халықаралық байқау. «Фотосурет» номинациясы		03.10.2022ж
Мұхтар Нұрислам	Диплом I дәрежелі «Менің бақытты отбасым!» атты қашықтықтан өткізген Халықаралық байқау. «Фотосурет» номинациясы		03.10.2022ж
Алибекова Нұрай	Диплом I дәрежелі «Алтын күз» атты қашықтықтан өткізілген Халықаралық байқау «Сәндік – қолданбалы өнері» номинациясы		14.10.2022ж
Амантай Тамирлан	Диплом I дәрежелі «Алтын күз» атты қашықтықтан өткізілген Халықаралық байқау «Сәндік – қолданбалы өнері» номинациясы		14.10.2022ж
Мұхтар Нұрислам	Диплом I дәрежелі		14.10.2022ж

	«Алтын күз» атты қашықтықтан өткізілген Халықаралық байқау «Сәндік – қолданбалы өнері» номинациясы	
Адайбекова Айжұлдыз	Диплом I орын "BILIMGER.KZ" республикалық байқау «Менің балабақшам» атты көркемсурет	26.01.2023ж
Қашқынбай Әділет	Диплом I орын "BILIMGER.KZ" республикалық байқау «Менің балабақшам» атты көркемсурет	26.01.2023ж
Жейлюбаева Айлин	Диплом I дәрежелі "BILIMGER.KZ" республикалық білім порталы «Менің сүйікті техникам» атты көркемсурет	10.03.2023ж
Жейлюбаева Анель	Диплом I дәрежелі «BILIMGER.KZ» республикалық білім порталы «Менің сүйікті техникам» атты көркемсурет	10.03.2023ж
Бикен Қайсар	Диплом I дәрежелі "BILIMGER.KZ" республикалық білім порталы «Менің сүйікті техникам» атты көркемсурет	10.03.2023ж
Абилова Аяна Ермековна	Диплом I орын «Bilim Qazaqstan» Республикалық байқау «Менің отбасым» республикалық сурет салу байқауы.	2022 ж
Ергалиева Сезім	Диплом I дәрежелі «Менің бақытты отбасым!» атты қашықтықтан өткізген Халықаралық байқау. «Сурет» номинациясы	03.10.2022ж
Долат Айзат	Диплом I дәрежелі «Алтын күз» атты қашықтықтан өткізілген Халықаралық байқау «Бейнелеу өнері» номинациясы	14.10.2022ж
Әбілсейт Дарын	Диплом I орын "BILIMGER.KZ" республикалық байқау «Алтын күз пейзажы» атты көркемсурет	15.11.2022ж
Тахир Аделия	Диплом I орын "BILIMGER.KZ" республикалық	15.11.2022ж

	байқау «Алтын күз пейзажы» атты көркемсурет	
Ермак Хадиша	Диплом I дәрежелі «Жаңа жылдық ертегі» атты қашықтықтан өткізілген Халықаралық байқау «Жаңа жылдық аппликация» номинациясы	06.01.2023ж

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың педагогтері арасында өткен облыстық педагогикалық олимпиадаға қатысып, алғыс хатпен 4 педагог марапатталды.

«Балалардың тентектігі» атты қашықтықтан өткізілген Халықаралық байқауында «Фотосурет» номинациясы бойынша I дәрежелі диплом «Балалардың тентектігі» атты қашықтықтан өткізілген Халықаралық байқауында «Фотосурет» номинациясы бойынша жеңімпазды дайындағаны үшін дипломмен 2 тәрбиеші марапатталды.

Қобда аудандық мәдениет үйінің ұйымдастыруымен өткен «Үздік пародия» сайысына қатысып жүлделі екінші орынды иеленіп, алғыс хатпен 3 тәрбиеші : Назарова ; Курмамбаева ; Кусмагамбетова марапатталды.

9. Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын»; Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын» жақсы түсінгендігі және күнделікті ұйымдастырылған іс- әрекеттер барысында басшылыққа алып, балалардың физикалық қасиеттерін, коммуникативтік дағдыларын, танымдық және зияткерлік дағдыларын, шығармашылық, зерттеу іс-әрекетін, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын қалыптастыруда жұмыстар жүргізілгені байқалды. Дегенменде перспективалық жоспар, циклограмма, мониторингті құру және жасау кезінде барлық топтардағы 2 тәрбиеші бірігуі ,құжаттарды толтыру кезінде өзара пікірлесуі қажет екендігі анықталды. Бұл бойынша тәрбиешілердің жұмыс барысын қадағалау балабақша әдіскеріне жүктелді.

2. Балабақша педагогтары өз бетінше білімдерін көтеріп, жаңа инновациялық технологияларды, АКТ-ны ұйымдастырылған іс-әрекеттер және одан да тыс уақыттарда балалардың қызығушылығы мен толыққанды әлеуетін ашу мақсатында қолданып, іздену жұмыстарын жасаулары қажеттілігі айтылды.

3. Біліктілік санаттарының деңгейін үш жылда бір сиретпей арттыру және растау бойынша педагогтар әрдайым ізденіс үстінде жүріп, алдын ала қамдану қажеттілігі айтылды.

10. Шешімдер мен ұсыныстар:

Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік нұсқаулыққа сүйене отырып, білім беру қызметіне өзін-өзі бағалауды жүзеге асыру кезінде:

- ☐ Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының талаптарына, қағидаларына сәйкестігі;
- ☐ Үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижесінде балалардың даму көрсеткіштері жас ерекшеліктеріне сәйкестігі;
- ☐ Білім беру ұйымының нормативтік құқықтық актілермен бекітілген талаптарға сәйкестігі анықталды.
- ☐ Тәрбиешілер тарапынан «Жылдық перспективалық жоспарға және апталық циклограмма жоспарына байланысты, жалпыға міндетті Стандарт, Үлгілік оқу жоспары, Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес электронды онлайн форматта мемлекеттік арнайы жасақталған жұмыс платформасы болса»- деген ұсыныстар түсті.

Қорытынды: Өткізілген өзін-өзі бағалауды қорытындылай келе бөбекжай-бақшаның атқарылған жылдық жұмыстарымен қоса тәрбиеленушілердің «тәрбиелеу мен білім беру процесі деңгейіне қанағаттанған» деген баға берілді.



Комиссия төрағайымы :	Тулепова Г.Д.
Комиссия төрағайымының орынбасары :	Карасаева З.Б.
Комиссия мүшесі :	Тынымгереева Ш.Д.
Комиссия мүшесі :	Бондаренко Г.Н.
Комиссия мүшесі :	Фурсенко Л.В.